

2011 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXIV сессиясының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 381 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2010 жылғы 31 желтоқсанда N 872 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 493 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXIX сессиясының 2011.12.07 № 493 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38 бабына және Қазақстан Республикасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) кодексінің 487 бабының 1 тармағына сәйкес IV сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2011 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «2010 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы» IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXIII сессиясының 2009 жылғы 30 қарашадағы № 262 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2009 жылғы 25 желтоқсанда № 831 болып тіркелген, «Алматы Ақшамы» газетінде 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 және «Вечерний Алматы» газетінде 2009 жылдың 29 желтоқсанда № 158 сандарында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының экология, денсаулық сақтау және төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (С.М.Қалақов) және Алматы қаласы әкімінің орынбасарына Е. Шормановқа жүктелсін.

4. Осы шешім 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

IV сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XXXIV сессиясының
төрағасы О. Печеник

IV сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев

IV

Алматы

XXXIV

2010

жылғы

13

№ 381 шешіміне қосымша

сайланған

мәслихаты

сессиясының

желтоқсандағы

2011 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

| Арнайы су пайдалану түрлері | | | | | | | |
|---|---|---|------------------------------------|--|---|-------------------------------------|---------------------------------|
| Өзендер, көлдер, теңіздер алқаптары | Үй-жайға пайдалану және Коммуналдық қызмет, (тиын/1 текше м.) | Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қосқанда, (тиын/1 текше м.) | Ауыл шаруашылығы (тиын/1 текше м.) | Су көздерінен су алу жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары, (тиын/1 текше м.) | Балық шаруашылығы, су көздерінен балық аулайтын тұтынушылар, (тиын/килограмм) | Гидроэнергетика, (тиын/1 кВт.сағат) | Су транспорты, (тиын/т.шақырым) |
| Балқаш және Алакөл көлдерінің және өзендердің алабы | 8,1 | 22,4 | 6,4 | 6,1 | 16 | 2,4 | 0,7 |

IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXXIV сессиясының төрағасы О. Печеник

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев